

«Жалақы және еңбек жағдайлары» Қызметкерлердің жалақысы

Шығарылған күні: 04.11.2022
Келесі шығарылым күні: 06.02.2023

- [1. Негізгі ойлар](#)
- [2. Жалақы динамикасы](#)
- [3. Кәсіпорындардағы бос жұмыс орны және жұмыс күшінің қозғалысы](#)
- [4. Глоссарий](#)
- [5. Әдістемелік түсініктемелер](#)
- [6. Қатысты басылымдарға сілтемелер](#)
- [7. Пайдалы сілтемелер](#)

1. Негізгі ойлар

2022 жылғы 3 тоқсанда Қазақстан Республикасы бойынша айлық жалақының орташа мәні 2021 жылғы тиісті тоқсанға қарағанда 23%-ға өсіп, 299 782 теңгені құрады.

Қазақстан Республикасындағы жалақының медианалық мәні бағалау бойынша 2022 жылдың 3 тоқсанында 16,1%-ға өсіп, 189 018 теңгені құрады.

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы 60000 теңге мөлшерінде белгіленді.

2. Жалақы динамикасы


Ағымдағы жылдың алдыңғы тоқсанымен салыстырғанда бір қызметкердің айлық жалақысының орташа мәні 3,9%-ға, нақты жалақы индексі 7,8%-ға азайды.

Өткен жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда бір қызметкердің айлық жалақысының орташа мәні 23%-ға, нақты жалақы индексі 5,8%-ға өсті.

2021 және 2022 жылдың 3 тоқсанында инфляция есебінен нақты жалақы индексінің төмендеуі байқалады.

1 сурет

Қазақстан Республикасындағы тоқсандар бойынша атаулы және нақты жалақы индексі



1 кесте


Қазақстан Республикасындағы жалақы

	Айлық жалақының орташа мәні			Нақты жалақы индексі, пайызбен		Айлық жалақының медианалық мәні (бағалау)		
	теңге	пайызбен		өткен тоқсанға	өткен жылғы тиісті тоқсанға	теңге	пайызбен	
		өткен тоқсанға	өткен жылғы тиісті тоқсанға				өткен тоқсанға	өткен жылғы тиісті тоқсанға
2021								
1 тоқсан	230 829	99,0	115,2	97,0	107,4	-	-	-
2 тоқсан	251 545	109,0	118,6	106,5	110,4	-	-	-
3 тоқсан	243 667	96,9	119,3	94,9	109,8	-	-	-
4 тоқсан	275 580	113,1	118,2	111,1	108,7	-	-	-
2022								
1 тоқсан	285 433	103,6	123,7	100,5	112,7	179 790	103,9	116,7
2 тоқсан	312 011	109,3	124,0	102,9	108,9	196 728	109,3	124,6
3 тоқсан	299 782	96,1	123,0	92,2	105,8	189 018	96,1	116,1

Өңірлік бөліністе 2022 жылдың үшінші тоқсанында орташа айлық атаулы жалақының ең көп өсуі Ұлытау облысында қалыптасты және өткен жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда 39%-ға, Маңғыстау облысында – 29,9%-ға, Ақтөбе облысында – 28,9%-ға, Атырау облысында – 25,7%-ға өсті. Ең төменгі өсім Астана қаласында – 15,1% және Жетісу облысында – 16,8% байқалады.

2 сурет

2022 жылғы III тоқсандағы өңірлер бойынша қызметкерлердің айлық жалақысының орташа мәні



2021 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда орташа айлық жалақының ең жоғары өсуі құрылыста – 34,5%-ға, ауыл, орман және балық шаруашылығында – 31,3%-ға, көлік және жинақтау саласында – 31,1%-ға, көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну саласында – 29,3%-ға байқалды. Өнеркәсіпте орташа айлық жалақы – 29,3%-ға, білім беруде – 22,4%-ға өсті.

Орташа айлық номиналды жалақының төмен деңгейлері көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну саласында байқалды, онда өсім 5,5% құрады, сондай-ақ денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету саласында – 8,9% және өнер, ойын-сауық және демалыс саласында – 15,5% құрады.

Салалық құрылымда ең жоғары атаулы жалақы тау-кен өндіру өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда орташа республикалық деңгейден – 2,2 есе, қаржы және сақтандыру қызметінде – 1,8 есе, кәсібі, ғылыми және техникалық қызмет саласында – 1,5 есе, құрылыс саласында - тиісінше 1,4 есе болып тіркелді.

2 кесте

2022 жылғы III тоқсандағы экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа айлық жалақы*

	Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы			Нақты жалақы индексі, пайызбен	
	теңге	пайызбен		өткен тоқсанға	өткен жылғы тиісті тоқсанға
		өткен тоқсанға	өткен жылғы тиісті тоқсанға		
Экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша	299782	96,1	123,0	92,2	105,8
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	219926	120,9	131,3	116,0	112,9
Өнеркәсіп	415510	107,4	129,3	103,1	111,2
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	649251	109,6	129,6	105,2	111,4
Өңдеу өнеркәсібі	346192	105,7	128,5	101,4	110,5
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	260275	102,7	128,1	98,6	110,1
Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	187614	103,7	121,1	99,5	104,1
Құрылыс	422717	105,8	134,5	101,5	115,6
Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	267400	106,3	120,4	102,0	103,5
Көлік және жинақтау	393940	108,6	131,1	104,2	112,7
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	270045	103,5	129,3	99,3	111,2
Ақпарат және байланыс	408254	101,6	123,3	97,5	106,0
Қаржы және сақтандыру қызметі	535671	91,1	118,3	87,4	101,7
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	213884	101,7	117,6	97,6	101,1
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	444331	105,4	120,3	101,2	103,4
Әкімшілік және қосалқы қызмет	308876	102,1	120,6	98,0	103,7

көрсету саласындағы қызмет					
Мемлекеттік басқару және қорғаныс;					
міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	249408	100,2	120,6	96,2	103,7
Білім беру	222905	76,0	122,4	72,9	105,2
Денсаулық сақтау және халыққа					
әлеуметтік қызмет көрсету	245212	95,0	108,9	91,2	93,6
Өнер, ойын-сауық және демалыс	187700	103,1	115,5	98,9	99,3
Көрсетілетін қызметтердің өзге де					
түрлерін ұсыну	249028	99,9	105,5	95,9	90,7

* Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды есепке алмағанда.

Электрондық кестелер:

[Қазақстан Республикасындағы қызметкерлердің саны және жалақысы](#)

Динамикалық кестелер:

[Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша орташа айлық жалақы](#)

[Экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа айлық жалақы](#)

[Қазақстан Республикасында ай сайынғы, тоқсан сайынғы орташа айлық жалақы](#)

[Қазақстан Республикасындағы жалдамалы қызметкерлер жалақысының медианалық мөлшері](#)

[Қазақстан Республикасындағы бағалау бойынша орташа айлық жалақы](#)

3. Кәсіпорындардағы бос жұмыс орны және жұмыс күшінің қозғалысы

2022 жылдың 3 тоқсанының соңында кәсіпорындар мен ұйымдардағы бос жұмыс орындарының (талап етілетін қызметкерлердің) саны 56 578 бірлікті құрады. Оның ішінде салалық құрылымда үштен бірі (32,2%) өнеркәсіптегі бос орындарды құрайды, 28,3% – бұл мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандырудағы және көлік және жинақтаудағы бос орындар.

Өңірлер арасында бос орындар саны бойынша Алматы қаласы – 10 636 бірлік, Астана қаласы – 7 425 бірлік, сондай-ақ Атырау облысы – 5 797 бірлік және Павлодар облысы – 4 334 бірлік көшбасшы болып табылады.

Электрондық кестелер:

[Қазақстан Республикасының кәсіпорындарындағы жұмыс күшінің болуы және қозғалысы](#)

4. Глоссарий

Жалақы – бұл экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың, атап айтқанда жалдану бойынша жұмыс істейтін адамдар табысының едәуір бөлігінің басты нысаны болып табылады. Жалақы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайларына қарай еңбек үшін төленетін сыйақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер.

ХЕҰ стандарттарына сәйкес еңбекақының негізгі төрт тобын бөліп көрсетеді:

- 1) тарифтік мөлшерлеме мен лауазымдық айлықақылар бойынша есептелген жалақы;
- 2) біржолғы төлемдер мен сыйлықақылар;
- 3) жұмыс режимі мен еңбек жағдайларына байланысты өтемақы төлемдері;
- 4) Жұмыс өтелмеген уақытқа ақы төлеу.

Бір қызметкердің орташа айлық номиналды жалақысы есептелген жалақы қорының сомасын қызметкерлердің нақты санына және есепті кезеңдегі айлар санына бөлу арқылы анықталады.

Жалақы индексі – бұл жалақының серпіні немесе трендісі бағаланатын көмекші құралдар. Еңбекақының екі индексі бар: атаулы және нақты.

Атаулы жалақы индексі – есепті кезеңде базистік кезеңмен салыстырғанда жалақының өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

Нақты жалақы индексі – есепті кезеңдегі бағаның өзгеруін ескере отырып базистік кезеңмен салыстырғанда атаулы жалақының өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш. Атаулы жалақының сатып алу қабілетін сипаттайды. Атаулы жалақы индексі тауарлар мен қызметтердің тұтынушылық бағасының индексіне бөлу жолымен анықталады. Екі индекс те бір және сол уақыт кезеңіне жатады.

Медиандық жалақы – есептелген жалақы мөлшері бойынша қызметкерлер санын бөлу қатарының ортасында тұрған және оны тең екі бөлікке бөлетін төмен және жоғары медиандық жалақымен жалақы мөлшері.

5 Әдістемелік түсініктемелер

Тиесілігіне және меншік нысанына қарамастан, қызметкерлердің саны 100 адамнан асатын, сондай-ақ «Шағын кәсіпорын қызметі туралы» (индексі 2-МП) статистикалық нысан бойынша есеп беретіндерден басқа, саны 100 адамға дейін экономикалық қызметтің барлық түрлерінің заңды тұлғалары мен олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері еңбекақы статистикасы бойынша мемлекеттік статистикалық байқаулардың объектілері болып табылады.

Орташа айлық жалақыны, жалақы қорының құрамын, жұмыс берушінің жұмыс күшіне жұмсаған шығындарын мемлекеттік статистикалық байқаулар үздіксіз әдіспен жүргізіледі.

Орташа айлық жалақы туралы деректердің көзі "Еңбек бойынша есеп"(индексі 1-Т, кезеңділігі тоқсандық, жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқау болып табылады. Осы статистикалық байқау бойынша барлық ірі, орта және шағын (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды есепке алмағанда) тексеруге жатады.

6. Қатысты басылымдарға сілтемелер

[Қазақстан Республикасындағы қызметкерлердің саны мен жалақысы](#)
[Қазақстан Республикасының кәсіпорындарындағы жұмыс күшінің болуы және қозғалысы](#)

7. Пайдалы сілтемелер

["Еңбек жөніндегі есеп" 1-Т статистикалық нысаны \(кезеңділігі тоқсандық\)](#)

[Орташа айлық номиналды жалақы / "Талдау" Ақпараттық-аналитикалық жүйесі](#)

Шығаруға жауапты: Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департаменті	Департамент директоры: Н. Белоносова Тел. +7 7172 749022	Орындаушы: А.Сагнаева Тел. +7 7172 749554 E-mail: a.sagnaeva@aspire.gov.kz	Мекенжай: 010000, г. Астана Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министерліктер Үйі, 4 кіреберіс
--	---	--	--
